

М. Е. Уалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы;

Т. А. Сәбитова, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-курс тыңдаушысы

ҚАЗАҚТЫҢ СОҢҒЫ ХАНЫ КЕНЕСАРЫНЫҢ АҚМОЛА БЕКІНІСІН АЛУЫ

Аннотация. Мақалада аты аңызға айналған қазақтың соңғы ханы Кенесарының Ақмола бекінісін алуының алғышарттары мен тарихи маңызы жөнінде қарастырылады.

Түйін сөздер: дуан, округ, уезд, губернатор.

Бұрынғы Қараөткел, қазіргі Астана орналасқан орында Ақмола казак-орыс бекінісінің пайда болуы, Ақмола сыртқы округінің құрылуы қазақ жерін отарлауды, емін-еркін иемденуді, қазақтарды тоз-тоз етіп тентіретіп жіберуді мақсат тұтты. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында Қазақстанның батыс және солтүстік шекараларына алғашқы бекініс-шептер салына бастады. Осы бекіністік шептердің барлығы Ресейдің қазақ жеріндегі үстемділігін нығайту үшін пайда болған қамалды қорғаныстар жүйесі еді.

Қазіргі Астана, бұрынғы Ақмола қаласының негізі 1830 жылы қаланған-ды. Ол да алғашқыда Ақмола әскери бекінісі атанған елді мекен еді. Сол кезде Сарыарқаның қазақтары Есіл өзенінің көшкен ел аттылы-жаяу өте беретін тұсын ежелден бері Қараөткел деп атайтын. Бұл қазіргі Астана қаласының орны. «Ақмола атауы XIII-XIV ғасырда (дұрысы 1784 жылдан кейін, М.С.) тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған»¹.

Бұл әскери бекіністі елді мекеннің қала мәртебесін алуы — 1862 жыл.

Ал ол 1863 жылы Ақмола округінің орталығы болса, 1868 жылы сол уездің орталығы болды. Ол Орта Азия, Сібір, Орал өңірлерін жалғастыратын керуен жолында тұрған еді. Осы Ақмола әскери бекінісінің салынуы да, Қараөткелдің Ақмола аталуы да сырға толы тарих.

Ақмола сыртқы округінің 1832 жылғы 22 тамызда құрылуы да қазақ жерін одан әрі отарлай түсуді көздегені анық. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттарында (338 қор, 1 тізбе, 290, 553 істер) бұл округтің құрылу себебін «Біздің бодандығымыздағы руларды бодандыққа кірмеген рулар барымтасынан қорғау үшін» деп жазылуынан-ақ айқын аңғаруға болады. Қазір тарихи-танымдық энциклопедияларда 1825 жылдың күзінде Омбы облысы әкімшілігінің өкілі полковник С. Б. Броневскийдің Петропавл қамалынан Нұраға дейін сапар шеккені, кезекті сыртқы округ дуанына лайықты деп Ақмола жері белгіленгені, 1830 жылдың жазында мұнда дуан салуға кіріскені жазылып жүр. Мұнда «үйлерін су алып кеткендіктен дуан орны Есілден Қараөткел тұсына көшіріледі де, құжатқа түскен Ақмола аты қала береді» деп те айтылады.

Академик Әлкей Марғұланның «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде «Есіл, Нұраның арасындағы үлкен айдын — Тоғаныстың тоқсан екі көлі ноғайлы-қазақтардың жойқын егін салған жерлері. Қызылмола, Сұлутам, Сырлытам, Хансүйегі солардың жәдігерлері» деп жазады. Ішінде Сарыарқа — Қараөткелі бар бүкіл қазақ даласы бұрын ғұн империясының, одан кейін ұзақ уақыт бойы Дешті Қыпшақтың қасиетті Отаны болды. Қыпшақтар Ресей мен Орта Азияға, одан асып бүкіл Шығыс Еуропаға сол замандағы әскери-тұрмыстық және қалалық мәдениетті де молынан дарытты, қазіргі Астана қаласының төңірегінде де небір тамаша шаһарларға ғұмыр берді. Солардың бірі Елорданың жанындағы Нұраның бойында жатқан Бытығай қаласы. Бұл қала Ресей империясының картасына тұңғыш рет 1694 жылы түсіріліп, тарих бетінде жазылып қалды. Негізінен, осы қаланың алғашқы картасының авторлары Ресейден сол жылы Қараөткел жеріндегі Бытығай қаласындағы эз-Тәуке ханға келген елшілер Ф. Скибин мен М. Трошин болатын. 20 парақтан тұратын бұл картадағы Бытығай қаласына олар «Казачья орда» деп ат беріп, жазып кетіпті. Елшілердің хатқа

түсірген тарихи деректері бойынша, әз-Тәуке хан Бытығай қаласын ерекше қамқорлыққа алғаны, мұнда діни орындардың көп болғаны бізге белгілі болып отыр. Сарыарқа, Ақмола өңірін осыншама өз көпестері мен елшілерін жіберіп зерттеу арқылы Франция мен Италия, Испания Дешті Қыпшаққа қайткенде ықпал етуге болады, соның амалын іздестірген. Жолындағының бәрін жайпап, жойып жіберетін крестшілер тіпті Людовик IX-ыншының тұсында да, одан кейін де Дешті Қыпшақ даласын шабуға дәттері бармады. Тек көрші отырған орыс империясы ғой, саяси, мемлекетаралық қарым-қатынас орнатысымен-ақ асты да, үсті де байлыққа толы қасиетті қазақ жерін аш айдаһар тәрізді көжектей жұтып қойғысы келген.

Патшалық Ресей қазақ даласына иелігін одан әрі күшейту мақсатында 1830 жылы Қараөткелге подполковник Федор Шубин басқаратын арнайы мақсаттағы әскери экспедицияны аттандырады. Мақсат: әскери бекініс, болашақ қала негізін салу. Сол үшін осы мақсатқа 31 мың рубль қаржы да бөлінеді. Экспедиция әскери бекініс-қала салуға Тайтөбенің етегінен көсілетін жазық даланы қолайлы деп табады. Себебі, оның сол қапталына орай Нұра өзені ағып жатса, қарсы маңдайында Есіл өзені көсіліп жатыр. Сол жерге қақырата қазық қағылады да, ол жердің сызбасы Батыс-Сібір губернаторы Вельяминовқа жеткізіліп, мақұлданады.

Алайда әскери бекініс-қала кейін Тайтөбенің жанынан емес, одан алыстағы Қараөткелден салынды. Оған басты себеп — арғысы Сарысу, бергісі Қараөткел, Қорғалжын елі алты ай жаз бойы жайлайтын шөбі шүйгін, суы бал татыған жайлауынан айырылып қалмау үшін Ф. Шубиннің экспедициясы қағып кеткен қазықты суырып алып, басқа жаққа, қазіргі Астана қаласының орнына әкеліп қайта қағып, Тайтөбе маңының ел мекендеуге қолайсыз, қыста қар қалың түсіп, көктемде жарыса тасыған қос өзеннің суы басып, бұл өңірдің табиғат қаһарына ұшырайтынына шенеуніктерді сендіруі еді. Әрине, халық мұның бәрін өтірік ойлап тапқанды. Сібір казактарынан тұратын мұздай қаруланған арнайы топ көп ұзамай келіп жетті де, әскери бекініс пен қаланы салу жұмыстары қолға алынды. Оның құрылысы 2 жыл бойы жүргізіліп, 1832 жылғы 22 тамызда біржолата аяқталды. Сол күні Ақмола округі де ресми түрде жарияланды, екі оқиғаға байланысты орыстар үлкен той өткізді. Сосын Қоңырқұлжа Құдаймендин округтің аға сұлтаны болып тағайындалды. Бекініс – Ақмола казак-орыс әскери бекінісі, округ – Ақмола сыртқы округі, қала – Ақмола қаласы болып аталды. Ал Ақмола деп аталуын 1851 жылы Уфимцев Нияз бидің Тайтөбедегі ақ мазарына байланысты кейін осы өңірге – Қараөткелге де, Тайтөбе мен Нұра, Есіл өзендерінің аралығына да қойылған жергілікті халықтың атауынан екендігін жазып кеткен.

Ақмола казак-орыс әскери бекінісі қалай орнады, солай қазақтардың көзінен қанды жасын ағызды. Кенесарының өзі бауыры Көшек сұлтанмен қосылып, 1841 жылғы 7 маусымда Орынбор шекара комиссиясына (генерал-майор Генске) жазған хатына (ҚР ОММ, 4 қор, 7 тізбе, 1996 іс, 1-2 парақтар) назар аударсақ, мұнда Ақмоланың, Қазылықтағы, Қараөткел мен Жарғайындағы, Ақтаудағы орыс-казак бекіністерінің сахараны талау-тонаудың қырғын ордалары болып отырғандығы баяндалады, 1825 жылдан 1840 жылға дейінгі 15 жылдың ішінде Есіл, Нұра маңында ғана 15 рет шапқыншылық жасағанын нақты-нақты мысалдармен атап тұрып көрсетеді. Соның ішінде Қараөткелде тұрған Ақмола казак-орыс бекінісінің әскерлерінің 1830, 1838, 1840 жылдары жасаған ойрандары хабарланады. Осы ойранның бірін Ресей империясының отарлауын тоқтату, озбырлығына шек қою және халық мүддесінен шығу мақсатымен үш жүздің басын біріктірген Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлы болады.

Бұл соғысын ат баурын жазып шаба алатын жазық емес және ар жағында Омбы жақын, патша әскері тез жетуі мүмкін болғандықтан Көкшеден емес, Солтүстік пен Шығыстағы Россия империясының ең мықты кіндігі болған Ақмола бекінісін алудан бастағанын жөн көрді. Зеңбірек, карабин, іштесер қаруы бар, биіктігі бес сажын қорғанды, жан-жағын қоршай қазған терең орлы бекіністі алу бес мың қолы болса да, алу оңай болмайтыны анық. Сондықтан Кенесары нақты да тиянақты жоспар жасауға көшеді. Жоламан батырдың

жасағынан келген Әшірап пен Дәулетші деген башқұрт жігіттерінен зеңбірек құюды және С. Юлаевтың бекіністер алу тактикалары жөнінде сұрастырып үйренеді. «Ереуіл кеңес үйі» деп аталатын қос ақ боз үйде сыбайластарымен Ақмола бекінісін алу жөнінде кеңес өткізеді. Кеңес шешімі бойынша, алдымен қарындасы Бопай қолындағы 600 адаммен Аманқарағай приказынан бастап, жолай Сырымбет тауындағы Уәлиханның бәйбішесі Айғаным ханымның ауылын шабатын болады. Ал Аманқарағай бекінісі Кенесары әскері лақабымен шабуылданып жатқанда, Кенесары қолы іле-шала Ақмола бекінісіне ат қоюды ұйғарады.

Көкшетауға Кенесары қолы шапты деген хабардан соң Ақтау бекінісінен войсковой старшина Симонов басқарған 200 солдат және Омбыдан Ақмола горнизонына жіберілген 100 солдат та Бопай әскеріне бет бұрады. Мұны естіген Кенесары әскерінің бір бөлігін Қорғалжын көлінің төменгі саласына, қалғанын Атбасар жақтан орағытып, Есілді жағалата Қараөткелге иектете орналастырады. Күніне жүз жиырма-жүз отыз шақырым жерді атпен жүре отырып, Кенесары тамыз айының алтысы күні сәскеде көтерілді де, ымырт үйіріле Ақмоланың маңына шоғырланды. Төрт зеңбіректі, бес жүз карабинді, биік және жүз қадамдай жерден қоршай қазылған ордың кеңдігі он құлаш, тереңдігі бес құлаш қорғанға кірер екі қақпаның алдында ғана төрт салт атты қатар өте алар жіңішке жал бар екендігінен хабардар Кенесары ең алдымен бекіністі оңтүстіктен солтүстікке дейін иілген тағадай үш шақырымдай жерден қоршады.

«Бекіністің күншығыс жағы бос жарты шақырымдай жерде Есіл өзені. Содан кейін барып қолдың сегіз тұсында сегіз батыр тұрып алған. Оң жағында Кенесарының өзі, одан кейін Ағыбай, Ағыбаймен үзеңгілес Бұқарбай. Қолдың шаңқай ортасында Басықара. Басықарамен қатарлас Төлебай. Төлебаймен үзеңгілес Құдайменді. Құдаймендіден солырақ Жанайдар. Сол қанатта Наурызбай. Таң құланиектеніп келе жатқанда бес мың атты әскер «Абылайлап» бекініске лап берді. Бір ғажабы қалың қол үзеңгілесе ат қоймай, дорбадан шашып жіберген бұршақ секілді, әр салт аттының аралары он-он бес құлаштай тым-тырақай шауып келеді. Екінші ғажабы, шапқыншылардың алдыңғы қатары зеңбіректер нысаналанған орға жақындамай, садақ оғы жетер жерден оқтарын ата сала кейін қарай бұрылып шаба жөнеледі. Бекініске тіпті ұмтылмайды. Көкпар, сайысқа үйренген қазақ бірі кейін шапса, бірі алға ұмтылып, оқты қардай боратты. Мұның тағы бір кереметі, қамалдағылар қол бастаған батырларды жекелеп нысанаға алайын десе, төгілген тарыдай жер қайысқан жанның қайсысының басшы, қайсысының қосшы екенін ажырату қиын. Бәрі бірдей киінген»².

Бекіністі қорғау кезінде алдыңғы қатары орға тіреліп, соңғы қатары оларды орға құлата өздері амалсыз топырлап тоқтайтын қазақты зеңбіректің аузына байлап атып үйренген старшина Карбышев пен Қоңырқұлжа Құдаймендіұлын бетер сасытып, Кенесары қауырсынына қара майлы білте шүберек байланған оқ жаудыртады. Бұл арнайы оқ көмегімен бекініс ішіндегі ағаш үйлерді жандырады. Ал Басықара, Төлебай басқарған әскердің бір тобы солдаттар қайтадан зеңбіректі енді ордың қабағына меңзегенше, оңтүстік пен солтүстіктегі қақпа алдындағы жіңішке жолдардан бері өтіп, қорғанның іргесін айнала шауып, бекіністің үстінде тұрған солдаттарға қыл арқан-бұғау лақтырып, бес-алты солдатты іліп әкетеді. Дәл осы кезде айқай-шу, жан таласқан айқасты пайдаланып, бекіністің солтүстік жақтағы шойын топсалы, шананың табан темірімен шандылған, шынжыр құлыпты қарағай қақпаның сыртынан бір топ сарбаз шелектеп қара май жағып, түбіне қара маймен ысталған қызыл тобылғыны үйіп, өрт қойып жатты. Бекініске кіруге жол ашылған соң Басықара 1000 қолымен, кейін Жеке батыр атанған Толыбай батыр да екі зеңбірегінен айырылған бекініс ішіне аттанады.

Түн ортасы аумай Ақмола бекінісінің әскері жеңіледі. Тек қара түнді пайдаланып азғантай әскерімен Қоңырқұлжа мен Карбышев бекіністің Есіл жақтағы қақпасынан қашып шығады. Сөйтіп Кенесары сарбаздары Ақмола бекінісінің үйлерін тегіс өртеп, қорғанын құлатып, жермен-жексен етіп, орларын топырақпен бітеп, кешегі Шығыс Сібірдің отаршылық қамалы тұрған жерді тып-типыл етіп, ертеңіне қайтадан Ұлытауға қарай шегінді. Көп кешікпей Ағыбай, Наурызбай, Бұқарбай, Жеке батыр бастаған Кенесары сарбаздары

Ақтау, Ортау бекіністерін алды. Зеңбірек пен карабинді, аға сұлтан мен старшынды жеңуге болатынын көрген, әзірге үндемей келген кейбір рулар енді Кенесары ордасына қарай ағыла түсті. Кенесарының абыройы да, қадірі де артты. Ал Кенесары өзі болса «Аяз, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» дегендей, әлі де ақ патшамен шын белдесіп күресуге күшінің жеткіліксіз екенін жақсы түсінді. Енді ол бұлаң құйрық түлкі қулыққа салып патша солдаттарымен жата-жастана ұрысып, қазақтың ереуілге қосылмай жатқан басқа руларын өзіне тартуға кірісті.

Кенесары әскерінің Ақмола бекінісін алуы тек оның азаттық үшін күресінің бастамасы болды. Ертеден ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан Қасым мен Құдаймендінің және олардың балаларының арасындағы бақ таласы, жер таласы, ру таласы, ар таласы, қатын таласы бәрі келіп, араларында әбден шиеленіскен қыл түйін болып қатып қалған болатын. Міне, бұл оқиға осы даудың нүктесі болғандайды. Бекіністі алуда тәуекелге бел буа отырып, өзінің бар әскерін, абыройын құрбан ету мүмкіндігі болса да, Кенесары тактикалық шеберлігімен, ақыл-ойымен, күш-жігерімен және қасына ерген мүдделері бір батыр аға-қарындастары арқасында жеңіске жетті және бұл халыққа дем берген, болашаққа сенім сыйлаған алғашқы қадамы еді. Жылдың аяғында Кенесары мен В. А. Перовский арасында уақытша бітім жасауға қол жетеді. Ол бітім бойынша Кенесары бастаған көтерілісшілер шекара шебіне шабуыл жасамауға уәде береді. Бұл тыныштық 1842 жылға дейін созылды. Бірақ, уақытша тыныштық орнаған тұста Батыс Сібір генерал-губернаторлығының әскери отрядтарымен қарулы қақтығыстар тоқталған жоқ болатын. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақтың үш жүзінің атынан жиналған ықпалды билер мен сұлтандар Кенесары Қасымұлын ата салт бойынша ақ киізге салып көтеріп, бүкіл қазақ халқына билігі жүретін хан етіп сайлады. Кенесары Орынбор губернаторымен уақытша келісімге келгеннен кейін, 1841-1842 жылдары Қоқан хандығының қол астындағы қазақ жерлерін азат ету үшін күрес жүргізеді. Оларды талқандауда Сырдария бойындағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған қазақтардың Кенесарыға қолдау көрсетіп, шайқастарға белсенді қатысуы үлкен рөл атқарды.

Осылайша, Ақмола бекінісінен басталып, одан көп жігер мен әдіс жинаған, халқына рух беріп, еңсесін көтерген Кенесарының қазақ халқының мүддесін қорғауға бағытталған нағыз соғысы қазақ халқының тарихында мәңгілік өшпес із қалдырған, Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртуға тырысқан, тарихи маңызы зор күрес Қазақ хандығы қайта құрып, қазақ мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтірді. Бұл қазіргі Ел Ордасы Астана болып отырған Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз — бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн»³ — деген сөздерін сеніммен айтуға өз кезегінде мүмкіндік беріп отыр.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются исторические предпосылки и значение завоевания крепости Акмола последним казахским легендарным ханом Кенесары.

RESUME

The historical premises and the conquest meaning of Akmoла fortress by the last Kazakh legendary Kenesary Khan are considered in the given article.

-
- ¹ Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. I том. — Алматы, 1998. 487-б.
- ² Есенберлин І. Көшпенділер трилогиясы. III том. Қаһар. — Алматы, 1969.
- ³ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша // adilet.zan.rz/rus/docs